

Эссе

«Мен армандаған мамандық»

Мамандық деген – белгілі бір адамның қызығушылығы, ұнататын саласы іс – әрекеті. Қазіргі жастардың дұрыс, қателеспей таңдауы қажет сала. Мамандық ол – адамның білімі, еңбегі болып саналады.

Біз барлығымыз бала күніміз де әртүрлі маман болсам екен деп армандадық. Ол барлығымыздың басымыздан өтті. Тіпті менің де. Мен өзім бала күнімде өте көп армандадым. Қазір де сол армандарым таусылар емес. Адамның таусылмайтыны – арман дейді ғой. Адам – арманшыл болуы қажет. Бала күнімде армандаған мамандығымның бірі ол – дәрігер болатын. Ақ халатты абзал жан болуды арман еттім. Аға – тәтемнен, интернет желісінен көріп қызығушылық танытқан болатынмын. Адамдарды емдеу, қал – жағдайын білу, көңіл -күйін көтеру мен үшін қуаныш, шаттық еді. Армансыз адам болмайды. Бала күнімде армандаған тағы да бір маман иесі ол әнші болатын. Басымнан өткенін айтып берсем. Көзіме көзілдірік киіп алып, айнаға қарап өлең айтуды ұнатқанмын. Шамамен тоғыз – он жас кезім екен. Айта берсең көп мейлі. Мен бар жоғы бір – екеуіне тоқтала кеттім. Ұстаз болуды да армандадым. Шәкірт тәрбиелеу, оқушыларға білім үйрету мен үшін қызық һәм ұнамды көрінді. Ал қазіргі таңдап отырған мамандығым ол - журналист.

Таңдау себебім ?

Біріншіден: мен кітап оқуды, мақала жазуды ұнаттым.

Екіншіден: алған мәліметті, жаңалықты халыққа ақиқаты әрі тезірек жеткізсем екен деген ізгі ниетім.

Үшіншіден: халыққа титтейде болса пайдам тисе екен деген мақсат.

Журналист деген – халық пен биліктің арасындағы қыл көпір, байланыс. Ол халықты түсіне білуі, мән – жағдайды көре білуі қажет. Тұрақты түрде тоқталған мамандығым - ол журналист. Жастар өзінің ұнатқан, армандаған мамандығына бара бермейді. Таңдаудан қателесіп жатады. Өмірде екі нәрседен қателеспеу қажет бірі жар таңдау болса, екіншісі мамандық таңдау. Жазушы Хосе Марти айтпақшы мамандық таңдау өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау дейді. Қатеспей қажет. Өзіңіздің ұнатқан, армандаған мамандығыңызды оқып, жұмыс істеп бақытты болып жүргенге не жетсін. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, өміріңізді ең болмаса бір кірпішін дұрыс қалауды қаласаң, мамандық таңдауда қателік жасама. Мен журналист мамандығын таңдап отырғандықтан бар күш – жігерімді сарп етуге әзірмін. Бірақ та, ең басты мамандық ол – адам болып қалу. Сондықтан адамдық қасиеттен айырылмашы.